

"Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

ҚАУЛЫ Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 26 ақпан N 64 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 9 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1075. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қадағалау ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 283 Қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Нормативтік құқықтық актілерді "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі...*

Төраға

Қосымша

Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 26 ақпандағы N 64 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу

тізілімінде N 1075 тіркелген, 2000 жылы "Рынок ценных бумаг Казахстана" журналында жарияланған, N 3)...

"Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның капитализациялау деңгейін көтеру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755 U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағы 9) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 06 тамызда 562 V980562_ нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногының кәсіпқой қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Ұлттық комиссияның 1998 жылғы 25 маусымдағы N 9 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1998 ж., II том, 149-бет; "Рынок және құқық". " Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналына қосымша, 1999 ж., N 8(10), 15 - б е т) :

1) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздар рыногындағы депозитарлық қызметті жүзеге асыруға қажетті жеткілікті өз капиталының ең төменгі деңгейіне қойылатын мынадай талаптар белгіленсін:

2000 жылғы 01 шілдеге дейін - 60.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде ;

2000 жылғы 01 шілдеден 2001 жылғы 01 шілдеге дейін - 70.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде;

2001 жылғы 01 шілдеден бастап - 90.000 есе айлық есепті көрсеткіш мөлшерінде . " ;

2) 2-тармақтағы "2000 жылғы 01 қаңтарға дейінгі мерзімде" деген сөздер алып тасталсын .

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Занды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау
б а с қ а р м а с ы :

1) осы Қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің назарына
ж е т к і з с і н ;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

Комиссияның мүшелері

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК